



ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАП ЖАТЫР


«Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясына сәйкес Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 1991 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен еліміздің тәуелсіз прокуратура органдары құрылған болатын. Осыған байланысты 6 желтоқсан – Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының кәсіби мерекесі ретінде жыл сайын атап өтіледі.

Прокуратура – құқық қорғау органдарының түпқазығы. Ел игілігі үшін сапта жүрген әрбір прокурордың басты міндеті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Қадағалау органы өзіне жүктелген бұл міндетті жылдар бойы абыроймен атқарып келеді.

Мысалы, күні кеше Түркістан облысы Ордабасы ауданында 300 оқушыға арналған музыкалық өнер мектебі салтанатты түрде ашылды. Бұл мектеп мемлекетке қайтарылған активтер есебінен салынған және Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында жүзеге асырылған алғашқы әлеуметтік жобаның бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта прокуратура органының пәрменімен қайтарылған активтер есебінен еліміздің түрлі өңірлерінде 434 әлеуметтік нысан іске асырылуда, олардың 30-ы Түркістан облысында орналасқан. Бұл жобалар өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және халықтың өмір сапасын жақсартуға елеулі үлес қосады.

АЖЫРАСАТЫНДАР САНЫ 16% -ға АЗАЙДЫ



Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстанның қоғамдық даму институтымен бірлесіп, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде ұлттық баяндама дайындады. Биылғы жылы бұл бағытта оң нәтижелерге қол жеткізілген. Орталық коммуникация қызметінің алаңында сөз алған Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Лира Раисованың айтуынша мұндай оң көрсеткіштер мен нәтижелерді алдағы уақытта да лайықты жалғастыруға көңіл бөлінбек.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ӘЛСІРЕТЕДІ

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы жалғасып жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұл бастамасына Қазақстан да қомақты үлес қосып келеді.

Ел Конституциясы барлық азаматтың сот пен заң алдында теңдігін бекітіп, алалауды тыйып, отбасы, ана мен бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Сталкинг, яғни соңына түсу мен мәжбүрлі некеге жауапкершілік енгізілді. Соттарға агрессорларды психотүзету бағдарламасына бағыттау құқығы берілді. Биыл 7 айда отбасылық-құқықтық салада 2 мыңнан аса қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Былтырмен салыстырғанда 3 еседен көп. Бұның себебін сарапшылар жекелеген жағдайда жергілікті жерлерде әлі де заңды қолдану жағының осалдығымен түсіндіреді. Қазір цифрлық зорлық деген шықты. Бұұның жаһандық деректеріне сүйенсек, әлем

әйелдерінің 38%-ы онлайн-зорлыққа ұшыраса, 85%-ы соған куә болған. Ал 90%-дан аса жалған контент әйелдер мен қыздарға бағытталады екен. Елде қыз-келіншектерге көрсетілген озбырлықтан соңғы 2 аптада 6 дерек тіркелген.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Айман Омарованың пікірінше:

– Осы екі аптада 2 адам өмірбақи жазаға сотталып кетті. Үшеуі 15 жыл, 20 жыл, 25 жылға дейін сотталды. Екі аптада 6 адам сотталды. Сол біздің ұлттық комиссияның қолдауымен жүргізіліп жатқан «One-Stop-

Service» жобасы бойынша. Бірақ бізде ең жақсысы соны жасырмай, соттап жатыр. Бұл өте дұрыс деп ойлаймын. Негізі біздің саясатымыз жаман емес. Бірақ сол заңды қолдану осал.

5 жасар баланы теуіп құлатқан ер адам қамалды

Сондай-ақ соңғы жылдары балаларға қарсы зорлық-зомбылық та жиілеп, қоғамды қатты алаңдатып отыр. Қазақстанның бірнеше өңірінде жас балаларға жасалған қатыгездік туралы оқиғалар тіркелді.

Алматыдағы «Каспий» тұрғын үй кешенінің ауласында болған оқиға бүкіл елді дүр сілкіндірді. Бейнебақылау камерасына түсіп қалған

видеода еңгезердей ер адамның 5 жасар баланы аяусыз теуіп жібергені анық көрінеді. Жәбірленушінің анасы сол сәтті көргенде шошып қалғанын айтады. Оқиғаға дейін көршісінің баласы оның ұлын самокатпен ұрған, ал бала шыдамай қарсы тарапқа түкіріп жіберген. Балалар бір-біріне тас атқан кезде, жеткіншектің әкесі жүгіріп келіп, бүлдіршінді бар екпінімен теуіп құлатқан.

Баланың миы шайқалғаны анықталған. Анасының айтуынша, бала түнімен құсып, басы ауырған, денесі сырқыраған.

Полиция бұл деректі растап, мынадай мәлімдеме жасады:

«Аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 108-бабы (Денсаулыққа қасақана орташа ауыр зиян келтіру) бойынша қылмыстық іс қозғалды.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



«Qarzhy Sagshysy» қаржылық қауіптің алдын алады

6-бет



Жасанды интеллект дәуіріндегі қылмыспен күрес

8-бет



Күпия жазу

ӘДІЛЕТТІҢ АБЫЗЫ

Ақтөбе облысының сот қауымдастығы 90 жасқа толған ардагер судья Кеңес Райханұлы Жүсіпов ақсақалдың мерейлі жасын салтанатты түрде атап өтті. Бұл шараны ұйымдастыруға ұжым үлкен жауаптылықпен дайындалды. Саналы ғұмырының ширек ғасырын сот жүйесіне арнап, судья лауазымын абыроймен атқарып, құрметті отставкаға шыққан Кеңес ақсақал расында да үлкен құрметке, биік марапатқа әбден лайық.

Кеңес Райханұлы 1935 жылы 1 желтоқсанда Ақтөбе облысының қасиетті Қарабұтақ ауылында қарапайым отбасының дүниеге келіп, Ақтөбе қаласында №6 қазақ орта мектебін ойдағыдай тәмамдаған. 1955 жылы Кеңестік Қарулы күштер қатарына шақырылып, Польша қаласында 3 жыл әскери борышын өтеген.

Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін туған еліне оралып, Ақтөбе қаласында №406 «Азаматтық авиация» заводында 10 жылдай механик, электрик, 3 разрядты электромонтажшы болып жұмыс жасаған.

Бала күнінен еңбекқор, адамдармен тез тіл табысатын, алғыр жас жігіт еңбегімен көзге түсіп, бірнеше рет қалалық халық кеңесіне депутаттыққа сайланып, Ақтөбе қаласының көркеюіне үлкен үлес қосқан.

Өмірге құштар жас маман өзінің тынымсыз ізденгіш қасиетімен алдына зор мақсат қойып, өндірістік еңбектен қол үзбей жүріп, 1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құқықтану факультетіне сырттай оқуға түседі. 1969 жылы сол кезеңдегі тәртіп бойынша еңбек ұжымы болашағынан үлкен үміт күттіретін жастарды құқық қорғау органдарына қызмет атқаруға ұсыныс (рекомендация) беретін. Сол тәртіппен №406 завод ұжымы еңбек озаты әрі қоғамдық жұмыстарды адал атқарып жүрген, сондай-ақ, университетте сырттай оқып білімін шыңдаған Кеңес Райханұлының кандидатурасын Ақтөбе облыстық прокуратурасына ұсынады. Соның арқасында 1969–1971 жылдары талапты жас облыстық прокуратураның қылмыстық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау бөлімі прокурорының көмекшісі қызметін атқарған.

Ол уақыттары елімізде білікті заңгерлердің тапшы кезі. Содан болар заң саласында абыройлы атқарған қызметтері еленіп, Кеңес Райханұлын университеттің соңғы курсында оқып жүргеніне қарамастан 1971 жылы Ақтөбе облысы Пригородное аудандық халық сотына халық судьясы етіп сайлайды.

Ағамыз судьялық лауазымын 1982 жылға дейін атқарып, 1982–1985 жылдары Ақтөбе облысы әділет басқармасы бас кеңесшісінің қызметін атқарды. 1985–1990 жылдары Ақтөбе облысы Пролетар аудандық халық сотының төрағасы лауазымында, мерзімі аяқталғаннан кейін Ақтөбе қалалық халық сотының судьясы лауазымында жалғастырды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылдың 26 тамыздағы №3096 Жарлығы негізінде Кеңес Райханұлы Жүсіпов құрметті отставкаға шықты.

Сот жүйесінде ширек ғасыр судья лауазымын атқарған Кеңес ағаның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Әр жылдары түрлі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда: «Еңбек ардагері» (1984 ж.), «Сот жүйесінің ардагері» (2012 ж.), «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 70 жылдығы» (2015 ж.), «Құрметті судья» (2020 ж.), «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл», «Жеті жарғы» (2022 ж.), «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» (2023 ж.), «Үш би» (2024ж.) құрмет белгілерімен марапатталды.

Кеңес аға мерейлі жасқа келгеніне қарамастан, әлі бабында. Ол



Ақтөбе облыстық сотында сот жүйесінің ардагері, 25 жыл ғұмырын сот саласына арнаған, жас буынға үлгі болған Жүсіпов Кеңес Райханұлының 90 жасқа толуына орай салтанатты жиын өтті.

Шараға Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір, Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов, облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов, облыс прокуроры Марат Абишев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шангутов, сот ардагерлерінің төрағасы Бағатай Ізтай, облыстық сот алқаларының төрағалары мен судьялары, қалалық соттың судьялары, департамент басшылығы, сот жүйесі мен прокуратура саласының ардагерлері мен мерейтой иесінің туыстары қатысты.

Алғашқы құттықтау сөзінде Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір ардагердің сот

жүйесіндегі еңбегін, оның ұстанымы мен өмір жолы судьялар үшін үлгі екенін атап өтті. Сонымен бірге, аға буынның еңбегін дәріптеп, үздік тәжірибесін жастарға үйретуге жол ашу маңызды екенін жеткізді. «Сот жүйесінде еңбек еткен, саланың дамуына үлес қосқан ардагерлеріміз ешқашан назардан тыс қалмауы керек. Ұрпақтар сабақтастығын сақтау арқылы біз сот саласындағы игі дәстүрлерді лайықты жалғастыруға қол жеткіземіз», – деді одақ төрағасы.

Ал осындай игілікті істің дер кезінде ұйымдастырылып, мерейлі жасқа келген ардагердің құрметіне арнайы жиын өткізуге мұрындық болған облыстық соттың төрағасы Айдар Смағұлов Кеңес Райханұлының өңірдегі сот жүйесін қалыптастыруға қосқан үлесіне жан-жақты тоқталды.

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов және облыс прокуроры Марат Абишев ардагердің еңбегін жоғары бағалап, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Сонымен

қатар, ардагермен қатар қызмет еткен әріптестері жылы естеліктерімен бөлісіп, тілектерін айтты.

Ардагерге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы атынан «Сот жүйесінің дамуына қосқан үлесі үшін», Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан «Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгілері көпшілік алдында табыс етілді. Бұдан бөлек ардагерлер кеңесінің атынан Кеңес Райханұлының өңіріне медаль тағылып, естелік сыйлықтар табысталып, ізгі тілектер жолданды.

Өз кезегінде ардагер Кеңес Райханұлы көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, шын жүректен алғысын жеткізді. Салтанатты шара филармония әншілерінің орындауындағы ән-шашумен жалғасып, естелік суретке түсумен түйінделді.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі



кісі 1959 жылы жүргізушілік куәлігін алған екен. Міне содан бері Алланың берген күш-қуатының арқасында әлі күнге дейін көлігін өзі жүргізеді. Жүргізушілік тәжірибесі 65 жылға жақындаған ардагердің жолда жүру мәдениеті көпке үлгі етуге әбден

лайық. Ең бастысы, соншама жыл ішінде бірде-бір рет жол полиция қызметкері тоқтатып, сақшылардан ешқашан ескерту алып көрмепті.

Бүгінде тоқсанның тұғырына қонған Кеңес аға әлі өте тың. Облыстық сот, прокуратура, құқық қорғау

органдарының және ардагерлердің мерекелік іс-шараларынан қалған емес. Мінезге бай, жастарға ақылын айтып, терең тәжірибелерін бөлісуге әрдайым дайын тұрады.

Үш қыз тәрбиелеп өсіріп, ұрпағының рахатын көріп отырған Кеңес ағаға мықты денсаулық, қажымас

қайрат, отбасына құт-береке мен мереке, үлкен бақыт тілейміз! Аллаһ Тағала балалары мен немере, шөберелерінің қызықтарын көруді нәсіп етсін. Ұзақ, бақытты ғұмыр кешіңіз деген шынайы тілегімізді білдіре отырып, ардагерлер ұжымы келесідей жыр шумағын тарту етеді.



КЕҢЕС АҒА – ТУРА БИДІҢ НАҚ ӨЗІ

*Орындалған ел алдында парызы,
Үлгі болған ізгілікті сан ізі.
Кеңес аға – тура бидің нақ өзі,
Ақтөбелік Әділеттің АБЫЗЫ!*

*Құтты болсын шыққан асқар шыңыңыз,
Сол биікте мығым болып тұрыңыз.
Алдыңызда қол бұлғайды бір ғасыр –
Соган жету Сізге міндет, ұғыңыз!*

*Жас буынға ылғи сенім артасыз.
Қысылғанға жеел жақтағы қалқасыз.
Ажыратып талай ақ пен қараны,
Таразыны тура қылып тартасыз!*

*Еңбегіңіз қай кезде де өнікті,
Талай тентек Сіздің сөзге көніпті.
Салауатты өмір салтын ұстанып,
Жүргізесіз тоқсанда да көлікті!*

*Ұғынатын ұшқыр уақыт ағынын,
Маздататын жүректегі жсалынын.
Әділ билер Сізге қарап сан түзеп,
Жалғастырсын Кеңес аға тәлімін!*

**Бағатай ІЗТАЙ,
Ақтөбе облысы Ардагер судьялар
кеңесінің төрағасы**

КӨКЕЙКЕСТІ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ӘЛСІРЕТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күдікті ұсталып, уақытша оқшаулау изоляторына қамалды. Оның іс-әрекетіне заң аясында қатаң баға беріледі».

Мұндай оқиғалар республиканың өзге өңірлерінде де кездеседі. Қазір «Қызылордада: мектепте оқушыны ұрып, жақ сүйегін сындырған», Алматыда: «Баламды ұрып, тұншықтырған», «Талдықорғанда: балабақша тәрбиешісі баланы ұрғаны үшін тергеуге алынды» деген мазмұндағы деректер көп.

Осыған байланысты мемлекет бірқатар нақты шаралар қабылдады. Біріншіден, балаларға қарсы зорлық-зомбылық жасағандар үшін жауапкершілікті күшейтті, жазаны қатандатты. Қылмыстық заңнамаға енгізілген түзетулер қылмыскерлерге қатысты мүлдем жеңіл шаралардың болмауын қамтамасыз етеді. Бұл балалардың физикалық қауіпсіздігін қорғаумен қатар, қоғамдағы моральдық жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Екіншіден, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында арнайы уәкілетті органның қызметін күшейтті. Бұл орган тек заң бұзушылықтарды тіркеп қана қоймай, балалардың әлеуметтік

жағдайын қадағалап, психологиялық және құқықтық қолдау көрсетеді. Осындай институттардың жұмысы балалардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың өз құқықтарын қорғауға қабілетті болуына ықпал етеді.

Үшіншіден, отбасылық-тұрмыстық зорлыққа қарсы заңнаманы қатандату бағытында реформалар жүргізілді. Бұл заңнамалық түзетулер отбасы ішінде жасалатын құқық бұзушылықтарға қарсы нақты шараларды қарастырады, құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтердің әрекеттерін нақтылайтын нормаларды енгізеді. Сонымен қатар, отбасылық даулар мен тұрмыстық қақтығыстар кезінде балалардың мүддесін бірінші орынға қою қағидалары бекітілді.

Бұл өзгерістер қоғамдағы ең әлсіз топ – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанын айта кету керек. Мемлекет балалардың тек физикалық қауіпсіздігін ғана емес, олардың психологиялық әл-ауқаты мен дамуын да қорғауға ұмтылады. Осы шаралардың арқасында Қазақстанда бала құқықтарын қорғау жүйесі біртіндеп тиімдірек, әрі кешенді сипатқа ие болуда.

2024 жылғы көктемде бүкіл ел

тұрмыстық зорлыққа қатысты заңнаманың қатаюын қолдап шықты. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылық болып келген ұрып-соғу, жеңіл дене жарақаты енді толыққанды қылмыстық іс саналады. Бұл өзгерістер құқық қорғау органдарына зорлықты татуластыру немесе «отбасылық жанжал» деп жеңілдетуге мүмкіндік бермейді.

Алайда жаңа заң күшіне енгеннен кейінгі бірнеше ай ішінде елдің әр өңірінен тағы да қатыгез оқиғалар тіркеле бастады. Бұл – заңның қабылдануы мәселенің тек бір бөлігін шешкенін көрсетеді.

Статистика не дейді?

Ресми деректер бір қарағанда оң өзгерісті көрсеткендей. 2024 жылы полицияға 100 мыңға жуық тұрмыстық зорлық фактісі туралы хабарлама түсті. Бұған дейін ешқашан мұндай көлемде тіркелмеген. Бұл – жасырын зорлықтың енді ашық тіркеле бастағанының белгісі.

2024 жылы 72 мыңға жуық қорғау нұсқамасы берілді, яғни қауіпке шалдыққан әрбір әйелге уақытша қорғаныс шаралары қолданылған.

Қылмыстық істер саны бірнеше есе артты: 2023 жылғы 923 істен

2024 жылы 3 382 іске дейін көбейген. Бұл өсім – зорлық күшейгендіктен емес, жаңа заңның міндеттейтін тіркеу талаптарының нәтижесі. Ал аса ауыр қылмыс түрлері азайған: 2023 жылы 504 болған ауыр қылмыстар 2024 жылы 445-ке төмендеген.

Дегенмен, бұл көрсеткіштер тұрмыстық зорлықтың азайып жатқанын емес, оның ресми түрде көбірек көрініс таба бастағанын ғана білдіреді.

Неге тұрмыстық зорлық азаймайды?

Сарапшылар бірнеше себеп келтіреді. Біріншіден, үнсіздік мәдениеті. Көптеген әйелдер әлі күнге дейін шағымданбайды. Ұялу, қорқу, «балалар үшін», «отбасы үшін» деген стереотиптер зорлықты жылдар бойы жасырып ұстауға итермелейді. Екіншіден, көрінбейтін зорлық. Физикалық соққыдан бөлек, психологиялық қысым, экономикалық шектеу, цифрлық бақылау – жиі кездеседі. Бірақ олардың көбі қылмыстық іс ретінде танылмайды. Үшіншіден, қолдау жүйесінің әлсіздігі. Дағдарыс орталықтары барлық өңірде бірдей қолжетімді емес. Психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер көмегіне жете алмай қалатын жағдайлар көп.

Қазақстанның әр аймағында әйелдерге қарсы жасалған қатыгез қылмыстар тоқтамай тұр. Соның ең резонанстық оқиғаларының бірі – Жетісу облысында тіркелді. Маусым айында Баласаз ауылында 27 жастағы Айзат Жұманова ауыр азаптау салдарынан көз жұмды. Туыстарының айтуынша,

марқұмның денесінде қатты соққыға жығылғанын дәлелдейтін көптеген жарақат болған.

Туысы Раушан Дәуренбекова мәйітті жуған кезде көргенін былай сипаттайды:

«Басын ұстасам, сүйегі үгітіліп тұрғандай жұп-жұмсақ. Беті қап-қара болып кеткен. Ернінің ішіне дейін қан. Құлағы жырылған. Құлаған адам мұндай жарақатты алмайды», – дейді ол. Марқұмның күйеуі әйелін «терезеден құлап кетті» деп түсіндірген. Бірақ жақындары бұл нұсқаға сенбейді.

Айзаттың анасы Сәуле Жұманова да қызының ешқашан шағымданбағанын, айқай-шу шығармағанын айтады:

«Қызым ештеңе айтпаған. Егер білдірсе, жағдай басқаша болар еді. Енді тек шындықты талап етемін», – дейді ол. Айзаттың артында екі жасар қызы қалды. Полиция қазіргі уақытта «денсаулыққа қасақана зиян келтіру» бабы бойынша тергеу жүргізіп жатыр.

Дәл осындай қайғылы жағдайлар елдің өзге аймақтарында да тіркелді:

Түркістан облысында ер адам әйелін балтамен өлтірді. Шымкентте ер адам әйелі мен үш айлық қызын аяусыз соққыға жықты. Нәресте жансақтау бөлімінен бір-ақ шықты. Түркістан өңірінде тағы бір әйел – жетінші баласына жүкті кезінде күйеуінің соққысына ұшыраған. Бұл оқиғалардың барлығы 2024 жылы заң күшейгеннен кейін, қоғам тұрмыстық зорлыққа нөлдік төзімділік талап етіп жатқан кезеңде болды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

«АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА»

Астанадағы оқу орындарында «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Астана – есірткісіз қала» деген тақырыппен салауатты өмір салтын таңдауға шақыратын мотивациялық сабақтар өтуде. Акцияны елордалық Полиция департаменті ұйымдастырып жатыр. Мақсат – жастар арасында есірткіге қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыру, дұрыс өмірлік ұстанымдарға баулу және заңға құрмет сезімін нығайту.

«НАҒЫЗ ӨСУ, ӨРЛЕУ ЖОЛЫ – СПОРТ»



«Ләззатты өміріңді құрдымға кетіретін есірткіден емес, тума қабілетіңді ашып, жігеріңді қайрап, тұлғалық өсуге бастайтын спорттан, шығармашылықтан табындар. Нағыз өсу, өрлеу жолы – осы. Оның мысалы – біз-біз» – деп айтқанда, залда үнсіздік

Мұндай шараның бірі Есіл университетінде керемет кешке ұласты. Кездесуге Қазақстан чемпиондары, рекордсмендер және спорт пен өнер саласының танымал тұлғалары шақырылды. Олар – күш атлеті, төрт дүркін әлем рекордшысы Сергей Цырульников, бокстан әлем чемпионы, еңбек сіңірген спорт шебері Мерей Ақшалов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер және тележүргізуші Әділ Ахметов, сондай-ақ танымал блогер Нұргелді Кердеш. Қонақтар өздерінің жеке тәжірибесі арқылы тәртіп, тандылық және салауатты өмір салтын ұстануға көмектесетін құндылықтар туралы ойларын ортаға салды. Есірткінің зияны мен есірткі қылмыстары үшін көзделген жауапкершілік, саналы таңдау – жастардың қауіпсіз болашағының негізі екені жайлы тағылымды әңгіме қозғады.

Бұл формат жастарға ерекше әсер қалдырды. Қонақтардың сөзі жалаң уағызға емес, өздерінің өмір жолынан алынған шынайы тәжірибеге негізделуімен құнды болды. Спикерлердің әр сөзі тыңдарманды толқытып, дұрыс жолды таңдауға итермелейтін қуат беріп тұрды. Кешке қатысушылардың бірі ретінде мені сүйсіндіргені – аудиторияға әңгіменің жасандылықтан ада, жүректен шыққаны. Қоғамдық мәселелер жөнінде «жоғарыдан айтылған бұйрық» емес, өмірден өткен, табыс пен күрестің дәмін татқан тұлғалардың жанашыр кеңесі ретінде қабылданды.

Кештің ең әсерлі тұстарының бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, актер және тележүргізуші Әділ Ахметовтың жастарға арнаған сөзі болды. Ол

орнап, әр студент оның сөзін жан дүниесімен қабылдағаны анық байқалды. Бұл тек мотивациялық үндеу емес, өмірмен дәлелденген ұстаным болды. Студенттер алдында нарколог дәрігер де сөз сөйлеп, психоактивті заттарды қолданудың қандай медициналық салдарға әкелетінін түсіндірді. Елордалық полиция жастарды есірткі қауіпіне қарсы тұруға тарту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып жатқанын атап өтті.

Бүгінде студенттер профилактикалық кездесулерге қатысып қана қоймай, наркографитиді бояу акцияларына белсенді қатысады, сондай-ақ тыйым салынған жарнаманы тарататын интернет-ресурстарды анықтауға және бұғаттауға көмектеседі.

Мұндай бірлескен жұмыс «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының құндылықтарын нығайтып, жауапты әрі әлеуметтік белсенді елордалық жастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Іс-шара кинологиялық қызмет пен полицияның арнайы бөлімшелерінің көрсетілімімен аяқталды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ШАРА

«QARZHY SAGSHYSY» ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

2025 жылғы 1-15 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, Астана қаласы Білім басқармасы және Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы бірлесіп, барлық мектептер мен колледждерде «Qarzhy Sagshysy» компьютерлік ойынын өткізуде.



Бұл – жасөспірімдердің қаржылық сауаттылығын арттыруға арналған іс-шара. Мақсат – жасөспірімдерді қаржылық алаяқтық схемалары – қаржы пирамидалары, дропперлік, цифрлық гигиена және басқа да қаржылық қауіптер туралы хабардар ету. Негізгі аудитория – 10-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері. Ойын қатысушылары қаржылық шешім қабылдау дағдыларын тәжірибелік түрде дамыта отырып, өздерін қауіпсіз қаржылық ортада қалай ұстау керектігін үйренеді.

Кеше бұл іс-шара Астандағы Әлихан Бөкейханов атындағы №76 мектеп-лицейінде өткізілді. Оған 10-11 сынып оқушылары қатысып, 45 минут бойы интерактивті ойын арқылы қаржылық сауаттылықтарын арттырды. Ойын барысында қатысушылар қаржылық қауіп-қатерлерді тану, дұрыс шешім қабылдау және цифрлық қауіпсіздікті сақтау бойынша практикалық дағдылар алды.

«Qarzhy Sagshysy» ойынының артықшылығы – ол тек ақпарат беріп қана қоймай, жасөспірімдерді нақты әрекет арқылы қаржылық сауатты болуға үйретеді. Әрбір қатысушы өз ойын тәжірибемен байытып, қаржылық алаяқтық схемаларының қалай жұмыс істейтінін, олардан қалай сақтануға болатынын түсінеді.



Осы шара арқылы ұйымдастырушылар жасөспірімдерді қаржылық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына да ықпал етуді мақсат етеді.

Қаржы сауаттылығы – болашаққа жол ашатын дағды. Бұл тек ақша санай білу емес, сонымен қатар саналы шешім қабылдау, өз

қаржысын басқару және қаржылық қауіптерден сақтану қабілеті. Әсіресе жасөспірімдер үшін бұл қабілет болашақтағы қаржылық тәуелсіздіктің, білім мен кәсіби мүмкіндіктердің негізі болмақ.

Қазақстанда қаржылық алаяқтық, цифрлық пирамидалар және интернеттегі қаржылық қауіптер көбейіп келе жатқан заманда жасөспірімдердің қаржылық сауаттылығының маңызы ерекше. Олардың алдын алу үшін білім беру жүйесінде нақты әрі қызықты әдістерді қолдану қажет.

«Qarzhy Sagshysy» компьютерлік ойыны дәл осы қажеттілікті қамтамасыз етері сөзсіз. Қаржы сауаттылығы – бұл баланың болашағын қорғаудың кепілі, оның қаржылық тәуелсіздігін қалыптастыруға алғашқы қадам. Жасөспірімдердің қаржылық білімін арттыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, ұлттық экономика мен қоғамның тұрақтылығына да әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан мектептер мен колледждерде қаржы сауаттылығын дамытуға бағытталған интерактивті іс-шаралар мен ойындар өткізу – бұл қазіргі заман талабына сай, стратегиялық маңызды бастама деп білеміз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

6 ЖЕЛТОҚСАН – ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАП ЖАТЫР



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мектептің ашылу салтанатына Бас прокурордың орынбасары Ғабит Садырбеков, Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев, Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоғам өкілдері қатысты.

Заманауи талаптарға сай салынған жаңа мектеп балаларға сапалы музыкалық білім алуға мүмкіндік береді, дарынды балаларды халықаралық конкурстарға даярлауға жағдай жасайды, сон-

дай-ақ өңірдің мәдени әлеуетін нығайтады. Мектепте домбыра, қобыз, фортепиано және басқа да музыкалық аспаптарды үйретуге арналған заманауи, арнайы жабдықталған кабинеттер қарастырылған.

«Біз көктемде құрылысты бастап, уақыт капсуласын салдық, ал бүгін, небәрі сегіз айдан кейін құрылыс жұмыстарының қаншалықты жылдам және сапалы аяқталғанына куә болып отырмыз», – деп атап өтті Бас прокурордың орынбасары Ғабит Садырбеков.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ПІКІР

Тіл – ұлттың жаны, рухының тірегі, өткені мен болашағын жалғайтын алтын көпір. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тілі – бүгінгі тәуелсіздігіміздің айқын белгісі, елдігіміздің негізгі ұстанымдарының бірі. Сондықтан да тіл тағдыры – әр қазақтың жүрегіңде тұрар қасиетті мәселе. Оны қорғап, дамыту, қолданыс аясын кеңейту – тек мемлекеттік органдардың емес, барша халықтың міндеті.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазіргі жаһандану дәуірінде тіл мәселесінің өзектілігі бұрынғыдан да артып отыр. Әлемдік ақпарат кеңістігіне ену, шетелдік мәдени ағымдардың күшеюі, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы – ұлттық тілдің де жаңғыруын талап етеді. Қазақ тілі заман талабына сай бейімделіп, ғылым мен техника тілінде еркін қолданылатын деңгейге жетуі тиіс.

Тілді сақтау үшін ең алдымен оны күнделікті өмірде қолдану қажет. Үйде, мектепте, жұмыста, қоғамдық орындарда қазақша сөйлеу – тілді қолдаудың ең қарапайым әрі ең маңызды қадамы. Әрбір ата-ана баласына ана тілінде тәрбие берсе, әрбір азамат ресми және бейресми қарым-қатынаста қазақ тілін қолдануға

талпынса, тілдің болашағына ешқандай қауіп төнбейді.

Тілді құрметтеу – өткенге тағзым, болашаққа аманат. Қазақ тілінің тағдыры – елдің тағдыры. Сондықтан да әрбір саналы азамат тілге жанашырлық танытып, оның әлеуметтік-мәдени кеңістікте нық орын алуына үлес қосуы тиіс. Қай кезең болмасын, ұлттың тіршілігі мен бірлігі тілінен басталады.

С.АБСАМАТОВ,
Түркістан облысы көмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЗАҢДЫ САҚТАУ – АЙНАЛАҢА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУДЫҢ КӨРІНІСІ

Назарбаев зияткерлік мектебінде заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету бағдарламасы аясында кездесу ұйымдастырылды. Бұл шара өскелең ұрпақтың заңға құрметпен қарауын, құқықтық санасын және жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталып отыр.

Кездесудің басты мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын нығайту және жастардың қауіпті немесе құқыққа қайшы әрекеттерге тартылуының алдын алу. Оқушылар алдында Орал қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Әсел Гайнединова сөз сөйледі. Судья өз сөзінде есірткілік және психотроптық заттарды қолданудың зияны мен салдары, көмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілік түрлері және ата-аналардың рөлі, буллинг және кибербуллинг проблемалары, қысым көрсету формалары және оны болдырмау жолдарына тоқталды.

Спикер әрбір жасөспірім өз іс-әрекетіне жеке жауапты екенін, ал заңды сақтау – өзін және



айналадағы адамдарды құрметтеудің маңызды көрсеткіші екенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ интернеттегі қауіпсіздік, ақпарат тарату жауапкершілігі және цифрлық репутацияны сақтаудың маңызына назар аударылды.

Оқушылар шара барысында белсенді түрде сұрақтар қойып, өмірден алынған нақты жағдайларды талқылады. Әсіресе, әрбір таңдау адамның өміріне әсер ететіні, ал «жоқ» деп айту қабілеті – әлсіздік емес, керісінше күштің белгісі екені айтылды.

Іс-шара қорытындысы бойынша, мұндай кездесулер жасөспірімдердің өз әрекеттеріне саналы түрде қарауына, қауіпсіздік пен денсаулықты таңдауға және қоршаған ортаға құрметпен қарауға үйрететіні атап өтілді.

А.МАУЛЕНБАЙ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

Елімізде әкімшілік жазалар жүйесінде қоғамдық жұмыстар маңызды орын алады. Бұл жаза түрі құқық бұзушыны жауапкершілікке тартумен қатар, оның құқықтық санасын қалыптастыруға және қоғамдық пайдалы еңбек арқылы тәрбиелік тұрғыда әсер етуге бағытталған.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТАҒЫ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, қоғамдық жұмыстар – бұл құқық бұзушының негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақытында ақысыз қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауы түріндегі әкімшілік жаза.

Қоғамдық жұмыстарды тағайындаудың негізгі мақсаты: құқық бұзушыны тәрбиелеу; қайталанатын құқық бұзушылықтардың алдын алу; қоғамдық пайдалы еңбекке тарту; әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру.

Қоғамдық жұмыстар он алты жасқа толған жеке тұлғаларға сот шешімімен тағайындалады. Алайда заңнамаға сәйкес, қоғамдық жұмыстар жүкті әйелдерге, I және II топтағы мүгедектерге, әскери қызметшілерге және басқа да санаттағы тұлғаларға қолданылмайды.

Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығын сот белгілейді және ол белгілі бір сағат мөлшерімен есептеледі. Жұмыстар құқық бұзушының негізгі жұмыс немесе оқу режиміне кедергі келтірмеуі тиіс. Жазаның орындалуын уәкілетті органдар бақылайды. Қоғамдық жұмыстарды өтеуден жалтарған жағдайда, құқық бұзушыға қатаңырақ әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін, соның ішінде әкімшілік қамауға алу немесе айыппұл салу.



Марал ШАЯХМЕТОВА,
Глубокое аудандық
сотының судьясы

Қоғамдық жұмыстар – тәрбиелік және алдын алу функцияларын үйлестіретін ізгілікті және нәтижелі жаза түрі. Олар азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы заңдылықты нығайтады.

Қорыта айтқанда, ӘҚБтК-дегі қоғамдық жұмыстар – әкімшілік құқықтағы маңызды институт. Олардың қолданылуы құқық бұзушыларды жазалаумен қатар, оларды түзеуге ықпал етеді және гуманизм мен әділеттілік қағидаттарына сай келеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЖЫРАСАТЫНДАР САНЫ 16% -ҒА АЗАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен биыл қоғамның әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға қатысты қабылданған заңнамалық жаңашылдықтар туралы сауаты көтерілгені байқалады. Сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгіну және полицияға деген сенім артқан.

Министрлік Жоғарғы Сот және өңірлердегі отбасылық соттармен бірлесіп «Бақытты отбасы» жобасын іске асыруда. Аталған жоба аясында ерлі-зайыптылар психологтардан, заңгерлерден, медиаторлардан және әлеуметтік қызметкерлерден кеңес алады. Соның нәтижесінде қаралған істердің 37,5%-ы татуласумен аяқталған. Яғни, некені бұзуға тастүйін бекініп келген жұптардың 30%-дан астамының отбасын сақтап қалуға мүмкіндік туған.

Жалпы, министрлік өкілдері соңғы жылдары Қазақстанда ажырасу санының 16%-ға төмендегенін де алға тартып отыр. «Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігі туралы» заң аясында өткен жылы Отбасын қолдау орталықтары заңды мәртебе алды. Отбасын қолдау орталығының деректері мен мобильді топтардың арқасында біз тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы түрлі ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігіне ие болдық», – деді Лира Раисова.

Жыл сайын Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мерейлі отбасы» байқауын өткізіп келе жатқанынан жұртшылық хабардар. Осы жылдар ішінде байқауға 20 мыңнан астам қазақстандық отбасы қатысқан. Лира Раисова Комитеттің дәстүрлі құндылықтарды, азаматтардың адамгершілік-рухани тәрбиесін БАҚ, кино, театр және кітап өнімдері арқылы ілгерілетуге ерекше көңіл бөлетінін айтты.

Ерлік КЕБЕКБАЙ
Астана

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДА ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛІГІ АСА МАҢЫЗДЫ

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу – мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды міндеттің бірі. Осыған орай мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлықтың себептері мен тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі шаралар іске асырылып келеді.

Жемқорлықтың алдын алу мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру, сатып алуларды ашық жүргізу, келген азаматтардың арыз-шағымын мерзімінде тіркеп, әділ шешімдер қабылдап, уақытында тиісті жауабын беру кезек күттірмейді. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері тәуекелінің мүмкіндіктерін азайту да үнемі назарда тұруы тиіс маңызды мәселе. Бұл бастамалар сот жүйесі қызметінің ашықтығын күшейтіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етуде.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда азаматтық қоғам институттарының белсенділігі ерекше маңызды. Қоғамдық бақылау, ашық талқылаулар және ақпаратқа қолжетімділіктің кеңейтілуі мемлекеттік орган-

дар жұмысының тиімділігі мен ашықтығына оң әсер етеді. Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру да бұл бағыттағы жұмыстардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұзақ мерзімді және жүйелі тәсілді талап етеді. Мемлекеттік қызметшілердің адалдыққа негізделген мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын арттыру және азаматтық қоғамның белсенді қатысуы жемқорлықтың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Жемқорлықсыз қоғам құру – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз.

Н.ШЫРАҚБАЙ,
Сот әкімшілігінің Маңғыстау
облысы бойынша департаменті ішкі
қауіпсіздік бөлімінің сот приставы

ӨШПЕС ІЗ, ТЕРЕҢ ӨНЕГЕ ҚАЛДЫРҒАН ҒАЛЫМ

Заң ғылымдарының докторы, профессор Усеинова Гүлнара Рақымжанқызы биыл 59 жасқа толар еді. Бірақ өмірдің өз заңы бар. Кей адамдардың ғұмыры ұзаққа созылмаса да, ізі ғасырларға жететіндей терең болады. Гүлнара Рақымжанқызы – дәл сондай жан еді. «Өзі кеткенімен, артына қалдырған өнегесі, жан жылуы, еңбегінің сәулесі әлі талай жүректі жылыта беретін жарық шырақ» дейді әріптестері ерте үзілген профессор замандастарын еске алып.

Спатай САРТАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекеттік басқарудың құқықтық мәселелерін зерттеу ҒЗИ директоры, доцент-зерттеуші:

Еске алу – құрметтің шыңы

2011 жыл. Заң факультетінде үлкен өзгерістер жүріп жатты. Екі іргелі кафедра – «Мемлекет және құқықтеориясы» мен «Конституциялық және әкімшілік құқық» біріктіріліп, жаңа құрылымға жан бітіру міндеті тұрды.

Жаңа міндеттер, жаңа жүйелер, жаңа талаптар. Университеттің іші жаңғырып, индикативтік жоспар, рейтинг, нәтижелілік сияқты ұғымдар енді ғана бой көрсеткен шақ. Әріптестер абдырап, жұртшылық «қалай болар екен?» деп алаңдаған кезде, бір адамның сабырлы ісі бәріне демеу болды. Ол – Гүлнара Рақымжанқызы еді.

Жұмсақ сөйлеп, нық шешім қабылдайтын. Жауапкершіліктің ауырлығын, істің қиындығын білсе де, ешқашан дауыс көтермейтін. Бірақ сол биязы үннің артында темірдей мінез байқалатын.

Гүлнара Рақымжанқызының басшылығымен кафедра – жай ғана құрылым емес, мінезі, мақсаты, жүрегі бір отбасындай ұжым болды. Қандай маңызды шешім болсын, әріптестерінің пікірін тыңдамай өтпейтін. Сондықтан да кафедра жыл сайын университет рейтингтерінде үздік орындардан көрініп отырды. Бұл сандар мен көрсеткіштердің артында – бір ұжымның біріккен күші мен еңбегі, бір тұлғаның көрегендігі тұрды.

2014 жылы Қазақстанның 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы ҚР Президентінің Жарлығы, 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы сияқты бірнеше нормативтік актілердің қабылдануы осы бағытта барлық деңгейде кешенді іс-шаралардың жүргізілуін талап етті. Қоғам адалдық пен әділдікті талап еткен, сыбайлас жемқорлықпен күрес күн тәртібінің бірінші мәселе-

сіне айналған кезең болды. Осындай уақытта «Азаматтық бақылау» жобасы біздің кафедраға сеніп тапсырылды. Ал Гүлнара Рақымжанқызы бұл істі тек ресми тапсырма ретінде емес, азаматтық борышы ретінде қабылдады. Оның «SANALY URPAQ», «Адалдық алаңы», «Адал көмек» сияқты жобалармен жұмыс істегеніне біз талай рет куә болдық. Әріптесіміздің адалдыққа деген көзқарасы әрекеттерінен көрінетін. Ғылыми мақалалар, монография, электрондық оқулық, мультфильм форматындағы оқу құралы, тәуекел карталары – бүкіл осы жұмыстардың түп-тамыры бір-ақ нәрседе еді: әділ қоғамға деген сенім. Бұл сенімді ол сөзбен емес, нақты іспен дәлелдеді.

Парасаттылық орталығы мен «Жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ – оның арманының жалғасы іспетті. Бүгінде бұл орталықтар жұмысын жалғастырып келеді.

Еске алу – құрметтің ең биік түрі. Осыған орай 2025 жылы 9 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, өзі жетекшілік еткен мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде: ұлттық және халықаралық бағыттар» (Заң ғылымдарының докторы, профессор Г.Усеинованы еске алуға арналған дәстүрлі V сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқулар) атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтейін деп жатыр.

Гүлнара Рақымжанқызы – ұстаз ғана емес, өмірдің талай белесінде жол көрсеткен дана кеңесші, тәлімгер, ғылыми мектеп құрған тұлға ретінде жадымызда сақталады.



Нұрлайым МЫНБАТЫРОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
заң ғылымдарының кандидаты:

Білікті ұстаз, шебер ұйымдастырушы

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында (9-желтоқсан) біз арамыздан ерте кеткен Гүлнара Усеинованы еске алып, оның тәуелсіз Қазақстанның заң ғылымы мен тәжірибесін дамытуға қосқан үлесін бағамдаймыз.

Гүлнара Рақымжанқызы Қазақстанның мемлекет және құқық тарихын жан-жақты және терең зерттеп, оның болашақтағы дамуының маңызы мен ерекшелігіне талдау жасады. Сонымен қатар, оның ғылыми қызығушылықтарының маңызды бағыттарының бірі – білім беру саласындағы, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының қызметіндегі адалдық қағидатын зерттеу болды. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелерін зерттеумен айналысты, оны жою және еңсеру жолдарын, сыбайлас жемқорлықсыз азаматтық қоғам қалыптастыру проблемаларын зерделеді.

Білікті ұстаз әрі шебер ұйымдастырушы болған Гүлнара Рақымжанқызы жоғары оқу орындарындағы сыбай-

лас жемқорлық мәселелерін жан-жақты зерттеп, студенттер мен магистранттарды бұл жұмысқа тартуға ұмтылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің артықшылықтары мен болашағын түсіндіріп, насихаттап отырды.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған іс-шараларды өткізу университетте, заң факультетінде дәстүрге айналды. Әр жылы желтоқсан айының бас кезінде кең көлемде жақын және алыс шетел ғалымдары мен практиктерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, халықаралық ғылыми конференциялар, студенттік олимпиадалар және конкурстар ұйымдастырылады.

Өз өмірінде үнемі адамгершілік қасиеттерді, ізгілік пен әділдік идеяларын ұстанған Гүлнара Рақымжанқызы арамызда болмаса да, оның бастаған игі істері мен дәстүрлері жалғасуда. Гүлнара Усеинованың идеялары, жобалары мен бастамалары оның әріптестерімен, шәкірттерімен бірге еліміздің игілігі үшін қызмет ете береді.

Ақмарал СМАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты:

Ә. Бөкейхановтың құқықтық көзқарастарын зерттеген ғалым

Ғылыми зерттеулерінің ең алғашқысы – ұлы қайраткер Шоқан Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарына арналған болатын, осы тақырып бойынша зерттеуін аяқтап 1996 жылы заң ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды.

Докторлық диссертациясы тақырыбына келетін болсақ, алаш жұртына ойып тұрып ізін қалдырған Алаш партиясы бағдарламасының авторы Әлихан Бөкейхановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары туралы тың зерттеуге арналған.

Гүлнара Рақымжанқызы Ә.Бөкейхановтың еңбектерінде баяндалған құқықтық көзқарастарына мемлекеттік деректанулық талдау жүргізген. XIX–XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялыларының еңбектерін зерттеп жария етуге бет бұрған ғалымдардың бірі деп айтсақ та артық болмайды. Ғылыми еңбектерінің мазмұнына қарай талдау жасасақ Ресей және Қазақстанның сол ширек ғасырда өмір сүрген ойшылдардың мемлекеттік-құқықтық ілімдеріне көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Ә. Бөкейхановтың мемлекеттік билікке, мемлекет пен құқыққа, басқару нысандарына, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына, сот өндірісі мен соттардың құрылымына, қазақ қоғамының әдет-ғұрып құқығының жүйесінен туындаған проблемаларына дүниетанымдық және жалпы теориялық көзқарастары мен тәсілдері ашылып талданды.

Ә. Бөкейхановтың құқықтық мемлекет идеясы, оның Қазақстанда демократия мен парламентаризм идеяларын қалыптастыру мен дамытудағы саяси және мемлекеттік қайраткерлік рөлі айқындалды.

Әлихан Бөкейханов «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси, оның саяси бағдарламасын қалыптастыруда идеялық-рухани қозғалыстың дамуында үлкен істер атқарғанын атап көрсеткен.

Гүлнара Рақымжанқызы «Ә.Бөкейханов құқықтық мемлекет теориясының дүниетанымдық көзқарастарының жақтаушысы болған. Заңның үстемдігі мен адам құқықтары, бостандықтарын қорғау жолында Еуропа азаматтары идеялары-

ның алғашқы жақтаушысы болған» деп болжам жасаған.

Ә.Бөкейханов азаматтық құқықтың қалыптасуының негізін қалаушы ретінде танылуға толық лайық, себебі жер құқығы, шарттық құқық жүйесі және отбасылық-құқықтық нормалар саласында зор еңбек сіңірді. Оның көптеген идеялары тағдыр заңы бойынша ҚР Конституциясында орын тауып, тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын жасау кезінде саяси-құқықтық принциптер мен қазіргі конституциялық заңнама-ның құндылық жүйесі іргелі негізге алынды. Оның басты идеясы – Қазақстандағы ең жоғары құндылық адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін мойындау болды.

Біз ғалым Гүлнара Усеинованың өсіп келе жатқан ұрпаққа қалдырған еңбектерінің бірін ғана атап өттік. Зерттеу жұмысының өзектілігін саралау, дәріптеу біздің ұстаздық парызымыз.

Айгерім ЖАРБОЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты:

Біртуар жан еді

Гүлнара Рақымжанқызы терең білімділігімен көзге түскен жан ғана емес, ол ақыл-парасатымен, еңбекқорлығымен, ең бастысы жоғары адами қасиетімен ерекшеленген ірі тұлға. Ол өзінің қысқа өмірінде Қазақстанның құқық қорғау органдары мен заң саласының болашақ мамандарын – білімі терең, біліктілігі жоғары заңгерлерді, ойлау өресі терең ғалымдарды дайындап қалыптастыруға белсенді атсалысып, отандық құқық ғылымын дамытуға, республикамыздың тұрақты, қарқынды дамуының құқықтық негізін қалыптастыруға ерекше үлес қосты.

Гүлнара Рақымжанқызы Қазақстанның заң ғылымының дамуына, біртұтас Қазақстан халқының бойында заңға деген құрметтеушілік сезімін қалыптастыру, білімді әрі отансүйгіш жас буынды тәрбиелеу ісіне аса жауаптылықпен қарап, мұндай күрделі іске аянбай белсенді қатысуды алдыңғы кезекке қойған, тіптен оны міндеттерінің біріне айналдырған зор тұлға. Ол өмірінің соңына дейін осы міндеттерді орындауға үлкен жауапкершілікпен қарады. Өзінің жеке басының қиындықтарын ысырып тастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін еліміздің заң ғылымының қарқынды дамуына, білімді, жасампаз жас буынды – білікті заңгерлерді тәрбиелеп шығаруға, өресі терең ғалымдарды дайындау жолында міндетіне адал қараған біртуар жан еді. Гүлнара Рақымжанқызымен ұжымда бірге жұмыс істеп жүрсек те ол ауыр дертке шалдыққанын байқаптанты. Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыруда бүгінгі жас буынды тәрбиелеп шығаруды, ғылымды дамытуды өзінің өмірінен, денсаулығынан жоғары қою кез келген адамның қолынан келе бермейтін ерлік.

Гүлнәр Рақымжанқызы адами қасиеті жоғары тұлға еді. Ол еңбек ұжымында ерекше қабілеттігімен, зор жауаптылығымен, кафедра көбесбасына тән қасиет – сабырлы да салмақтылығымен, дарынды жетекшілігімен, ұшқыр ойымен дараланды. Кафедраға жетекшілік еткен жылдар бойы ол өзінің қарамағындағы әріптестерімен қатынаста ешқашан адамгершіліктен аттап кеткен емес.

Адамның тарихтағы орнын жинаған дүниесіне емес, оның жарқын болашақ үшін шаршамай тер төгіп жасаған еңбегіне, адами қасиеттеріне, заман қиындықтарына қарсы төтеп беру жігеріне, табандылығына қарап бағалап жатамыз. Усеинова Гүлнара Рақымжанқызы өзінің қысқа өмірін білімді, білікті жастарды тәрбиелеу арқылы жалпы мемлекетке және ғылымға қызмет етуге арнады. Оның ғылыми, оқытушылық, жетекшілік қызметі жастарымызға үлгі болады деп сенеміз.

ПАЙЫМ

XXI ғасырда цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) адамзат өркениетінің барлық саласына әсер етіп отыр. Жаңа технологиялар қоғамға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер берумен қатар, қылмыстық саясат үшін де жаңа сын-қатерлер әкелуде.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ДӘУІРІНДЕГІ
ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС

ҚР Президенті Қ. Тоқаев 2025 жылғы жолдауында жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды мемлекет дамуының стратегиялық бағыты ретінде айқындап, «оларды құқық қорғау саласына енгізу қылмыстың алдын алу мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты тетігі» екенін ерекше атап өтті. Бұл құқықтық саясатты жетілдіруде цифрлық қауіпсіздіктің, жасанды интеллектіні жаппай енгізудің басымдыққа айналғанын меңзеп тұр.

Жасанды интеллект дәуірінде киберқылмыстар, цифрлық алаяқтық, криптовалютаны заңсыз пайдалану, deerfake арқылы жалған ақпарат тарату сынды жаңа қылмыс түрлеріне Қазақстанның қылмыстық саясатының дайын болуы қажеттігімен түсіндіріледі.

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қылмыстық саясаттың мазмұнын түбегейлі өзгертуімен қатар, жаңа қылмыс түрлерінің пайда болуына да ықпал етуде. Осыған байланысты жасанды интеллект дәуіріндегі қылмыстың жаңа формаларына талдау жасау қажеттігі туындап отыр. Ең алдымен, киберқылмыстардың кеңеюі ерекше назар аудартады.

Көш бастап тұрған – киберқылмыс. Ол көзге көрінбейтін қауіп. Біреудің әмиянын тартып алу үшін қылмыскер бұрын көшеде жүруі керек еді. Қазір оған сыртқа шығудың қажеті жоқ, интернет жетеді. 2023 жылы Қазақстанда 20 мыңнан астам киберқылмыс тіркелген. Оның 70%-ы интернет-банкинг, онлайн төлем және сатып алуға байланысты алаяқтықтар. 2024 жылдың алғашқы 6 айында ел бойынша 11000-нан астам жаңа дерек анықталып, азаматтардың шығыны 7,1 млрд теңгеден асқан.

Бұл бір ғана статистика. Бірақ оның артында – зейнетақысынан айырылған әже, несие рәсімделіп кеткен азамат, жалған сілтеме ашып қалтасы қағылған студент тұр. Тағы бір түрі ол Deerfake – шындық пен жалғанның шекарасын жойған құрал. ЖИ жасаған фейк бейнекөріністі адамның өзінен ажырату қиын. Мысалы, 2022 жылы Украина Президенті Зеленскийдің deerfake-видеосы таралып, ол «берілуді» ұсынғандай көрінді. Миллиондаған адам сенді. Ертеңіне дәл осындай монтаждалған видео Қазақстандағы министр, әкім, бизнесмен немесе қарапайым азаматтың атын жамандыққа қоспасына кім кепіл? Deerfake – тек ақпараттық қару емес. Ол саяси тұрақтылыққа, жеке тұлғалардың абыройына, ұлттық қауіпсіздікке тікелей соққы бола алады. Келесі мәселе ол криптовалюта және «көрінбейтін ақшалар».

Бүгінде қара нарық та цифрланды. Криптовалюта – еркін, бақылауы әлсіз, транзакциясы жасырын ақша. FATF дерегіне сүйенсек, әлемде жыл сайын миллиардтаған доллар криптовалютамен заңсыз айналымға өтеді.

Қазақстан заңында «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылытату» туралы норма бар (ҚК 218-бабы), бірақ криптоактивтермен жасалатын қылмыстардың жаңа үлгілері күннен күнге көбейіп келеді.

Негізгі мәселе –
заң технологиядан қалып
қойды

Қылмыскердің әдісі өзгерді, ал заң әлі бұрынғы форматына сүйенеді. ҚК-де ки-

берқылмысқа қатысты баптар бар, бірақ ЖИ арқылы жасалатын жаңа типтегі құқық бұзушылықтар әлі толық анықтамаға ие емес.

Еуропа бұл бағытта алда келеді - AI Act (Жасанды интеллект туралы акт) қабылдау қарастырылуда. Қазақстанға да дәл қазірден бастап, ЖИ қылмыстарына нақты құқықтық ұғымдарды енгізу, Deerfake, нейротонау, ЖИ-алаяқтық бойынша арнайы бап қосу, электрондық дәлелдемелерді жеке процессуалдық категория ету сияқты қадамдарды жасау қажет.

«Smart City» –
қауіпсіздік пе,
бақылау ма?

Астана мен Алматыда бейнекамералар ЖИ-ға қосылған. Камера көреді, талдайды, оны тіркейді және хаттама шығарады. Бірақ мұнда да сұрақ көп: Бақылау шамадан тыс болса ше? Кемшілігі бар алгоритм кінәсізді кінәлі қылса ше? Азаматтың жеке өмірі қалай қорғалады?

Қытай тәжірибесі бізге үлгі де, ескерту де. Мәселен, Лондонда бет тану жүйесі қателесіп, жазықсыз адамдар ұсталған жағдайлар болған. Қауіпсіздік пен жеке өмір арасында тепе-теңдік керек.

Электрондық дәлелдеме – дәл солай болғанын қалай дәлелдейміз?

Сотта хат-хабар, аудио, видео, скриншот дәлел бола ала ма? Қазақстанның ҚІЖК-де электрондық дәлелдеме жеке категория ретінде танылмаған.

Салдарынан соттар оны құжат, кейде заттай айғақ ретінде ғана қабылдайды. Бұл көптеген даулы істердің дәлелденуін қиындатады.

Шешім қандай?

- ҚІЖК-ге электрондық дәлелдемені жеке норма ретінде енгізу;
- «chain of custody» – цифрлық айғақтың жолын толық тіркеу моделі;
- Будапешт конвенциясы стандарттарын енгізу.

ЖИ – қылмыспен күрестің қаруы. Бірақ шегі болуы тиіс. ЖИ дәлелдеме талдай алады. Қылмысты алдын ала болжай алады. Камераны «ақылды» етеді.

Қылмыстың «ыстық нүктелерін» картаға түсіре алады. Бірақ – адам құқығы бірінші орында болуы керек.

Еуропалық Одақтағы жалпы деректерді қорғау регламентінің арқасында Еуропада жеке деректің ең қатаң қорғалуын қамтамасыз етті. Meta (Facebook) 265 млн € айыппұл төледі. Ал бізде жеке дерек қорғау заңы бар, бірақ ол әлі толыққанды халықаралық деңгейде емес.

Қазақстан
не істеуі керек?

Жасанды интеллектке қарсы тұру мүмкін емес. Бірақ оны құқықтық, этикалық, ұлттық қауіпсіздік мүддесімен үйлестіре қолдануға болады. Мәселен, жаңа қылмыс түрлеріне арнайы бап енгізу, электрондық дәлелдеме ұғымын заңда нақтылау, ЖИ-полиция, Smart City жүйелерін дамыта отырып азамат құқығын қорғау, Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру, халықаралық тәжірибе (ЕО, БҰҰ) интеграциясы, Қазақстанның қылмыстық саясаты технологияға қарсы емес – оны басқара алатын жүйеге айналуы тиіс. ЖИ – бір сәтте қауіп те, мүмкіндік те болуы ықтимал. Дұрыс қолдансақ – қауіп азаяды, қауіпсіздік артады.

Сондықтан Қазақстан үшін негізгі міндет – технологиялық мүмкіндіктер мен азаматтардың конституциялық құқықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Қазақстанның қылмыстық саясаты технологиялық даму мен құқықтық мемлекеттің қағидаттарын үйлестіре отырып, қоғамды жаңа қауіп-қатерлерден қорғауға бағытталуы тиіс.

Дина БҰҒЫБАЙ,
Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университетінің, Құқық және
халықаралық қатынастар
факультетінің деканы,
қауымдастырылған профессор, з.ғ.к

БІР МҮДДЕ

ДІНИ ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеровтің төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның кезекті мәжілісі өтті. Оған облыстық терроризмге қарсы комиссия мүшелері, құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдардың, тиісті департаменттердің басшылары және аудан, қала әкімдері қатысты.

Комиссияның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағытындағы өзекті мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдардың есептері тыңдалып, тиімді шешімдер қабылдау және атқарылып жатқан шараларды үйлестіру мәселелері талқыланды. Жастар ортасында интернет кеңістігі арқылы теріс діни ағымдарға кіруіне қатысты жағдайлар және оларды шешу жолдары пысықталды.

Мәжіліс барысында қорғалатын объектілердің жай-күйі және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі, интернет кеңістігіндегі заңсыз және деструктивті материалдарды анықтау үшін әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу, сондай-ақ



діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту бағыттары бойынша ақпарат берілді.

Отырыс қорытындысында мемлекеттік органдардың жүргізіп отырған жүйелі жұмыстары мен талдау нәтижелері облыс аумағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге оң әсер ететіні, сондай-ақ саяси астары бар террорлық қауіптердің алдын алу тетіктерін күшейту қажеттілігі атап өтілді.

Р.НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕМХАНАҒА ЖАҢА
АВТОКӨЛІК ТАБЫС ЕТІЛДІ

Жақында Мұнайлы ауданындағы Маңғыстау ауылында орталық емханаға жаңа санитарлық автокөліктердің кілттері табысталды. Бұл ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру бағытындағы маңызды қадам. Шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, облыстық мәслихат төрағасы, денсаулық сақтау саласының өкілдері мен ардагерлері қатысты.

Жалпы саны 18 санитарлық автокөлік аудандық және қалалық емханалар мен ауруханаларға үлестірілді. Жаңа санитарлық көліктер Naval M6 базасында жасақталған. Олар пациенттерге алғашқы көмек көрсетуге, сондай-ақ науқастарды медициналық мекемелерге жеткізуге арналған. Көлік бір мезетте 3 адамды (отырып) және 1 пациентті (жатып) тасымалдауға мүмкіндік береді. Жарық-дыбыстық жүйе, каталка, медициналық шкаф және қажетті жабдықтармен толық жарақтандырылған. Өз сөзінде облыс әкімі жаңа көліктердің мобильді топтардың жұмысын жеңілдетіп, ауыл-аймақта көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыратынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев жолдауларында атап өткендей, халық денсаулығын қорғау – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында өңірде медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Медицина қызметкерлерінің еңбегі – адам өмірінің қауіпсіздігі мен қоғам игілігінің кепілі. Бүгін табысталып отырған автокөліктер сіздердің жұмыстарыңыздың өнімділігін арттырып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді деп сенемін, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Е.КЕБЕКБАЙ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҮЗДІК

«BAQUATTY AUDAN» АНЫҚТАЛДЫ

Астанада Ақмола облысы Целиноград ауданында іске асырылған «Baquatty Audan» пилоттық жобасының қорытындылары бойынша кеңес өтті.

Жиналысқа Президенттің әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Алексей Цой, «Esen Foundation» қорының қадағалау кеңесінің төрағасы Әсет Исекешев, «ANSA Foundation» атқарушы директоры Мұрат Жұманбай, «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринова, Мәжіліс депутаты Айна Мысырәлімова, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау саласының сарапшылары мен басқа да қорлардың өкілдері қатысты.

«Baquatty Audan» бастамасы Ansa және Esen Foundation жеке қорларының консорциумы, «Amanat» партиясы және облыстық әкімдікпен бірлесіп жүзеге асырылады. Ол ауылдық жерлерде білім беру, денсаулық сақтау, инклюзия және еңбекке орналастыру жүйесін күшейтеді.

«Ауылдық педагогикалық академия 1000 мұғалімді біріктіріп, 300 сабақ өткізді, 500 пән мұғаліміне және 90 басшыға арналған оқыту ұйымдастырылды. Ақмол ауылында әдістемелер мен бағдарламаларды әзірлеуге арналған коворкинг ашылды», – деді Әсет Исекешев.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

АДАЛДЫҚ АКАДЕМИЯСЫ

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ!

Орал қаласында «Адалдық академиясы: жастар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» атты студенттер форумы ұйымдастырылды.



Форумның мақсаты – жастардың адалдық, әділдік және жауапкершілік

жемқорлыққа қарсы саналы имунитетті нығайту және парасаттылық мәдениетін жастар арасында кеңінен насихаттау.

Форум жұмысы Орал қаласы әкімінің орынбасары Жандос Дүйсенғалиевтің құттықтау сөзімен басталды. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жастардың рөлін ерекше атап өтіп, форум қатысушыларына табыс тіледі.

А.МӘУЛЕНБАЙ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

Қала орталығындағы ескі кітапхананың күзетшісі кітап қоймасына кіргенде, үстел үстінен қан дағы сіңген дәптер тауып алды. Дәптердің бетінде бір-ақ сөйлем жазулы еді: «Ақиқат мен өлгенде ғана ашылады».

Айналасына бажайлап қарап еді, сөредегі кітаптардың мұқабаларына да қан тамшылары шашырап, сіңіп қалған екен. Бұл тосын жағдайды естіген кітапхана ұжымы түгел шошынды. Одан оқырмандарға жетіп, гөй-гөй әңгіме қалаға тарап кетті.

Өлген ешкім жоқ, өлтірілген ешкім жоқ. Қан да, жазу да жұмбақ. Жедел іздестіру бөлімі істі кәнігі із кесуші – Арсен Рахымовқа жүктеді. Оны қаладағы жұрт «қазақтың Шерлок Холмысы» деп атап жүргеніне көп болмаған.

Арсен дәптерді қолына алып, әуелі сиясына назар аударды.

– Бұл жазудың жазылғанына айдан асқан, – деді жіті зерттеп.

– Бірақ, қан...

Арсен қағазға сіңіп кеткен қанды иіскеп басын шайқады.

– Мұның қан екеніне күмәнім бар...

Ол дәптердің соңғы беттерін жарыққа тосып, әр жеріне жазылған сандарға үңілді. Бұл жазу еріккен баланың шимайы болуы да мүмкін. Қылмысты ашатын құпия код болуы да ғажап емес.

– Бұл сандар емес, әріптер, – деді Арсен Қасенұлы күліп. – Әліпбидегі орындарына қарасaq, «Құпия» деген сөз шығады.

Кітапхананың жөртөлесінде орналасқан қойманың шаң басқан сөрелерінде негізінен аса құпия құжаттар мен құнды кітаптар сақталады. Мұнда кез келген адамға кіруге рұқсат жоқ. Тіпті, кітапханашылардың өзі де беталды кіре бермейді. Министрліктің арнайы рұқсат қағазы болмаса, темірмен қоршалған есіктің босағасынан ешкімнің де аттай алмайтынын білетін тергеушіге мұндай «әзілді» кімнің жасағанын анықтау өте қызық болды. Қолындағы қалың линзалы лупасымен сыртына дақ жұққан кітаптарды, шаң басқан сөрелердің бәрін көріп шықты. Жуық арада түскен саусақ ізін байқамады. Кіріп-шыққан аяқ ізі де жоқ. Қан тиген дәптер дереу-ақ экспертизаға тапсырылған соң, кітапханашылардың бәрінен сұрақ-жауап алынды. Ұжым мүшелерінен мардымды жауап болмады. Үрейленген олар тіпті аузын ашпады.

Күдік тудыратыны кешкі ауысым кезінде жеті минутқа жарық сөніп қалғаны. Анықталғанындай қалада да, көшеде де бұл уақытта жарық болған. Бағдаршам жұмыс істеп тұрған. Істің ізіне түсу үшін Арсенге осының өзі жеткілікті еді.

Алдымен сол күнгі келушілер мен оқырмандарды мұқият бақылады. Бейнебақылауға жазылған бейнелерден күдікті ештеңе байқалмады. Студенттер мен ерікті оқырмандар, папкасын көтерген ғалымдардан басқа бөгде адам көрінбейді. Кітапхана директоры түгелінің дерлік

ойлаған тергеуші дереу жиналып кітапханаға бет алды. «Ешқандай қылмыстық құрамның белгілері жоқ» деп істі қысқартуға мүдделі болып жүрген директор еріксіз қоймаға түсуге мәжбүр болды.

– Арсен мырза, осы істі қысқартсақ қалай болады? Өлген де, жарақаттанған да адам жоқ. Шағым да түспеді. Иә, алғашқыда шошып кеткеніміз рас. Бірақ, дақтың өзі қан болмай шықты. Енді неге әуре боламыз? Тіпті, бар ғой, жұмысымыз тоқтап, ұжым қожырап кетті.

– Сонда сізге министрліктің

ҚҰПИЯ ЖАЗУ



түрін танып, жиі бас сұғатынын айтып отыр.

Арсеннің сезгеніндей дәптер бетіндегі дақ қан болмай шықты. Экспертиза бөліміне барып айғақты қайта зерделей қарады. Жарыққа тосқанда бетіндегі қоңырлау дақ ерекше көрінді. Алғашында ол қарапайым кофе не сия деп ойлаған. Бірақ, тәжірибелі детектив дақты арнайы ерітіндімен тексеріп, зерттеу нәтижесіне тағы таң қалды. Бұл қарапайым қан емес, ескі кітап парақтарының көгерген дағының әлдебір қышқылмен реакцияға түскендегі көрінісі еді. Кітапхана қоймасындағы белгілі бір кітап қоры көгеріп кеткен болуы мүмкін деп

рұқсатынсыз кіре алмайтын құпия бөлімге біреудің еркін кіргені, кіріп қана қоймай баланың ойыны сияқты әлдебір құпия код жазып, әлдебір дақты қалдырып кеткені де қызық емес пе? Тым құрығанда осындай бассыздыққа кімнің барғанын да білгіңіз келмей ме?

– Жо-о-оқ, қылмыскер анықталса, кәнеки. Бірақ, мені қинап отырғаны осы істің кітапхана абыройына нұқсан келтіріп жатқаны. Ел ішінде дақпырт әңгіме тарап, соңғы күндері оқырмандарымыз да азайып кетті. Іс-шараларымызды өткізе алмай отырмыз. Жоспар орындалмаған жағдайда біздің хәлімізді өзіңіз де түсінесіз ғой.

Күзетші құпия бөлменің есігін сықырлатып жатқанда, Арсен директордың соңғы сөздерін естімеді де.

Қоймадағы шаң иісі сіңіп қалған ескі парақтар арасынан ол тағы дәлел іздеді. Бірақ, бұл жолы сан жылдық газет тігінділерінің бір шетіндегі 34 деген таңбаны байқады.

– Бұл жай сан емес, – деді Арсен. – Мүмкін кітаптың нөмірі...

Кітапхана қызметкерлерінің тізімінен «34» деген белгісі бар томды тауып алды. Ол «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» атты қалың жинақ болып шықты. Арсен қайта қоймаға жүгірді.

– Ең құнды, құпия деген кітаптарыңыз қайсы? – деп сұрады арнайы бөлім меңгерушісінен.

– Жоғарғы қатарға тізілгендер.

Оны алу үшін саты керек.

– Оларды неге шыныға салып, келушілердің назарында ұстамайсыздар?

– Ол мүмкін емес. Жылына бір рет қана Орталық музейдің көрмесіне апарамыз.

– Оларды түгел деп ойлайсыз ба?

Арсен Қасенұлы сырты арнайы қапталған ең көне кітаптың бірін қолына алды. Салмағы зіл батпан кітаптың ішінен қырқылған ақ қағаз ғана шықты. Келесісін ақтарғанда да мұқабаның ішінен суылдап ақ парақтар түсіп жатты. Саты үстінде тұрып директорға назар салған еді, екі көзі шарасынан шыққан ол қорыққанынан қалш-қалш етіп тұр екен. «Бұл не? Бұл қалай?» дегеннен басқа аузына сөз түсер емес.

– Кітапханаңыздағы ең көне, құпия кітаптардың түпнұсқасы кімге керек болды деп ойлайсыз, директор ханым? – деді детектив сатыдан түсіп.

– Білмеймін ғой... қалайша? – деп далбасалаған директор сұраулы жанарын бөлім меңгерушісіне төңкерді. Күзетші өзіне төнген қауіпті енді бағамдап, тілі күрмелді.

– Ештеңе қаржыны мен. Камераны көрейік... камераны...

– Камерада ештеңе де жоқ, – деді Арсен дауысын қатайтып. Сіздер құнды кітаптарды ұрланды деп ойлап отырсыздар ма? Егер солай болғанда өте жақсы болар еді. Өкінішке орай олай емес.

Бөлінген қаржыны жымқырып, бөлмені талапқа сай температурада ұстамай құнды кітаптарды көгертіп алғансыздар. Содан көгерген кітап-

тарды жойып, бөлменің иісін кетіру үшін түрлі химиялық сұйықтық қолданғансыздар. Соның салдарынан мұқабалардағы көгерген дақтар реакцияланып, қою қызыл түске еніп, қатқан қанның ізіндегі болып мұқабаға сіңіп қалған. Яғни, көптен бері бұл бөлмеге еден жуушыдан басқаңыз кірмегенсіздер. Енді, көгерген кітаптарды сейфіңізден шығара берсеңіз болады, – деді детектив кетуге жиналып.

– Тоқтаныз, сізге жалынамын, өзіміз келісейік. Мұны ешкім білмей-ақ қойсыншы. Бізде ол кітаптардың көшірмесі бар. Түпнұсқа-сындай етіп жасатып қоямын. Тіпті, өз қаржыма жасатамын. Тек ешкім, ештеңе білмей-ақ қойсыншы, Арсен Қасенұлы, жалынамын.

– Жарайды делік, бірақ, қағаз бетіндегі «Ақиқат мен өлген кезде ғана ашылады» деген жазуды неге жаздыңыз?

– Білмеймін. Есім шығып кетті. Иә, қыс суық болды, жылу дұрыс болмады. Желдеткіштер ескі, бірінен соң бірі істен шықты. Өзім де мән бермедім. Көктемде қарасақ құнды дүниелеріміздің бәрі көгеріп кетіпті. Менен алдыңғы директордың пысықтық қылып, бәрінің көшірмесін жасатып қойғаны жақсы болар ма, биыл көрмеге соларды қолдандық. Түпнұсқа кітаптарға ешкімнің қол тигізуге рұқсаты жоқ, сол үшін де білінбесін деп ішін ақ параққа толтырып қойдық. Мұқабаларының сыртындағы көгерген мүкті жаңағы столдың үстінде тазалағанымыз бар. Парақта қалған дақ расымен де сол көгергеннен қалған дақтың реакцияланған түрі шығар. Басым ауырып кетті ғой. Енді не істеймін, айтыңызшы?

– Сізге ең жақсы жолды көрсетейін бе? Шындықты мойындаңыз, немқұрайдылығыңыз үшін жауап беріңіз. Дұрысы осы. Ал, енді, сейфіңізді ашуға рұқсат етіңіз. Кодын өзіңіз-ақ жазып қойыпсыз.

– Есім кіріп-шығып жүріп, ұмытып қалмайын деп осы параққа түсіріп қойдым. Бірақ, әр санды парақтың әр шетіне жазып едім ғой...

– Менің із кесуші екенімді ұмытпаңыз. Тіпті, 3-4 айдан кейін жұмыс ауыстыруға әрекет етіп жүргеніңізді білемін. Бірақ, енді ол бола қоймас. Мемлекеттің мүлкін бүлдіргеніңіз үшін жауап беретін боласыз.

Бақтыгүл АУДАНОВА
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҚОЗҒАЛЫССЫЗ ӨМІР СЫРҚАТТЫ ҚОЗДЫРАДЫ

Физикалық белсенділік (ФБ) энергияны арттырып, стресті төмендететіні, адамдарды төзімді, сау, өнімді және бақытты ететіні бұрыннан белгілі. ДДҰ бағалауы бойынша сүт безі мен тоқ ішек қатерлі ісігінің шамамен 21-25%, қант диабетінің 27% және жүректің ишемиялық ауруының шамамен 30 пайызы физикалық белсенділіктің төмендігінен орын алады.

Дене белсенділігінің денсаулыққа пайдасы өте зор: жүрек-қан тамырлары ауруларының, гипертонияның, қант диабетінің және онкологиялық аурулардың кейбір түрлерінің қаупін азайтады, сондай-ақ стресстік реакцияларды төмендетіп, мазасыздық пен депрессия, альцгеймер ауруы мен деменцияның басқа түрлерінің әсерінің басталуын тежейді.

Физикалық белсенділіктің қандай пайдасы бар? Денсаулықты жақсарту – тұрақты физикалық жаттығулар қызметкерлердің жалпы физикалық дайындығын жақсартуға, олардың күйзеліске төзімділігін арттыруға және ауруды азайтуға көмектеседі. Сондықтан жұмыс күні ішінде физикалық белсенділікке арналған қысқа 5-7 минуттық үзілістер жеке қызметкердің де, бүкіл ұжымның да жалпы физикалық дайындығын жақсартуға бағытталған алғашқы қадам болуы мүмкін.

Жұмыстың бір бөлігін тұрып орындау және тік жұмыс алаңдарын енгізу көп уақытты үстелде отырып өткізетін қызметкерлер үшін тамаша шешім болуы мүмкін. Бірлескен дене жаттығулары, велосипед тебу, жүгіру немесе басқа әрекеттер қызметкерлердің мотивациясын арттырады және олардың эмоционалдық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартады.

Командалық спорттық ойындарды қоса отырып корпоративтік демалысты ұйымдастыру да аса өзекті. Боулинг, теннис, волейбол, футбол, баскетбол және т.б. ойындар ұйымдастыру корпоративтік мәдениетті арттыруға ғана емес, сонымен қатар компанияның имиджін жақсартуға ықпал етеді.

Әрине, қызметкерлердің жұмыс орнындағы физикалық белсенділік деңгейін көтеру және оларды еңбек процесіне енгізу ұйым басшылығының қолдауымен жүзеге асады. Дегенмен, дене шынықтыру белсенділігін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру қызметкерлердің өздерінің БЕЛ-СЕНДІ өмірлік ұстанымы, олардың қатысуы, энергиясы, қалауы мен ынтасы! Ендеше өмірде БЕЛСЕНДІ, ДЕНІМІЗ САУ болуы үшін қозғалыс керек!

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

БІЛГЕН ЖӨН

АЛКОГОЛЬ МЕН ТЕМЕКІ – РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ БАСТЫ ЖАУЫ

Заманауи медицина және денсаулық сақтау мамандары мықты репродуктивті функцияның кілті салауатты өмір салтында дейді. Репродуктивті денсаулықты сақтаудың бірінші ережесі – өзіңіздің денеңізге мұқият назар аудару. Сол үшін дәрігерге баруды кейінге қалдыруға болмайды. Медициналық жағдайларды, соның ішінде гормоналды теңгерімсіздікті, инфекцияларды және метаболикалық мәселелерді уақытылы анықтау және емдеу фертильділікке тікелей әсер етеді. Тұрақты медициналық тексерулер: қан анализі, жамбас мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі және гормоналды тексерулер проблемаларды ерте анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе жүкті болуды жоспарлап отырған, жүкті болуы қиын әйелдер мен ерлер үшін маңызды. Тамақтану гормоналды тепе-теңдік пен ұрпақты болу функциясына тікелей байланысты. Дұрыс тамақтану әйелдерде овуляцияны және ерлерде сперматозоидтардың сапасын арттыруға көмектеседі.

Белок, Омега-3 май қышқылдары, витаминдер мен минералдарды ретімен пайдалану керек. Витаминдер мен минералдардың тапшылығы немесе артық болуы тек фертильділікке ғана емес, жүктіліктің өтуіне және ұрықтың дамуына да кері әсер етуі мүмкін. Алкоголь мен темекі — репродуктивті денсаулықтың басты жауы. Бұдан бөлек, зиянды әдеттер жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар қаупін арттырады және репродуктивті жүйеге кері әсер ететін созылмалы аурулардың дамуына ықпал етеді.

Қозғалыс – өмір, ал репродуктивті денсаулық үшін бұл ерекше маңызды. Тұрақты жаттығулар гормоналды тепе-теңдікті сақтауға, семіздіктің алдын алуға, жүрек-қантaмыр жүйесін нығайтуға және психосоциналды жағдайды жақсартуға көмектеседі. Шамадан тыс физикалық жүктеме фертильділікті төмендетуі мүмкін, сондықтан белсенділік пен демалыс арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Ұйқының жеткіліксіздігі репродуктивті функцияларға тікелей әсер етеді. Стресс, депрессия және созылмалы шаршау гормоналды тепе-теңдікке және фертильділікке кері әсер етеді. Эмоционалды денсаулық физикалық жағдаймен тығыз байланысты және репродуктивті функцияға тікелей әсер етеді. Қоршаған ортаның да репродуктивті денсаулыққа ықпалы бар. Тамақтағы, пластиктегі, тұрмыстық химиядағы химиялық заттар, пестицидтер және ауа ластануы гормоналды тепе-теңдікті бұзуы мүмкін.

Салауатты өмір салтын сақтау отбасы мен қоғамның қолдауы болғанда жеңілдейді. Дұрыс тамақтану, спорт, ұйқы режимін сақтау – бүкіл отбасы мүшелерінің денсаулығын нығайтады және болашақ ұрпақ үшін дұрыс өмірлік үлгі қалыптастырады. Өзіңізге қамқорлық жасау – болашақ ұрпақтың денсаулығына және ағзаның үйлесімді жұмыс істеуіне жасалған инвестиция.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №183 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31